



«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ

Сапа менеджменті жүйесі  
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің оқытушы – профессорлар құрамының рецензияланатын журналдарда жарияланған ғылыми мақала және патент авторларын марапаттау туралы ереже

9 беттің 1-беті

БЕКІТІМ

Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ  
Басқарма төрағасы-Ректордың  
мақсатта міндетін атқарушы  
А.Н. Нургаев  
2025 ж.



### САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

## ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ОҚЫТУШЫ- ПРОФЕССОРЛЫҚ ҚҰРАМЫНЫҢ РЕЦЕНЗИЯЛАНАТЫН ЖУРНАЛДАРДА ЖАРИЯЛАНҒАН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛА ЖӘНЕ ПАТЕНТ АВТОРЛАРЫН МАРАПАТТАУ ТУРАЛЫ


### ЕРЕЖЕ

#### СМЖ ОҚПУ Е 6.10-2025

Қызметі	Қолы	Аты-жөні
Келісілді:		
Ғылыми жұмыстар және инновациялар жөніндегі проректор		Керімбеков Е.Р.
Стратегиялық жоспарлау және менеджмент бөлімі басшысының у.м.а.		Иманбердиева М.Н.
Заң бөлімінің басшысы		Амирхан М.А.


Қызметі	Қолы	Аты-жөні
Әзірлеген:		
Ғылыми зерттеулер офисінің басшысы м.а.		Сансызбаев А.С.

Құжаттың жарамдылық мерзімі: «24» 09 2025ж. «24» 09 2027ж. дейін ұзартылды: « » 20 г.	Енгізілді: №41107 бұйрық Енгізілген күні: «24» 09 2025ж.	СМЖ ОҚПУ Е 6.10-2025 Басылым 1 Тіркеу № Көшірме №
---	---	--

	<b>«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ</b>	
	<b>Сапа менеджменті жүйесі</b> <b>Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің оқытушы – профессорлар құрамының рецензияланатын журналдарда жарияланған ғылыми мақала және патент авторларын марапаттау туралы ереже</b>	<b>9 беттің 2-беті</b>

## Мазмұны

1 Қолдану саласы	3
2 Нормативті сілтемелер	3
3 Терминдер мен анықтамалар	4
4 Белгілер мен қысқартулар	4
5 Жауапкершілік пен өкілеттілік	4
6 Процестің сипаттамасы	4
А қосымшасы Өзгерістерді тіркеу парағы	10

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің оқытушы – профессорлар құрамының рецензияланатын журналдарда жарияланған ғылыми мақала және патент авторларын марапаттау туралы ереже	9 беттің 3-беті

## 1 Қолдану саласы

1.1. Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің (ары қарай – Университет) оқытушы-профессорлық құрамының (ары қарай – ОПҚ) рецензияланатын журналдарда жарияланған ғылыми мақала және патент авторларын марапаттау ережесі (бұдан былай – Ереже) университеттің коллегиялды құрамының ғылыми зерттеу жұмыстарының мәртебесін әлемдік деңгейге интеграциялау мақсатында әзірленген және Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ-дың Ғылыми кеңесінің шешіміне сәйкес Ғылыми-зерттеу жұмыстарының сапалық және сандық көрсеткішін арттыру негізінде ынталандыру шарттарын белгілейді.

Осы Ереже Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: нақты бағыт және іс-қимыл» атты Қазақстан халқына Жолдауы мен Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы №636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары негізінде әзірленді. Ереже еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету, білім беру сапасын арттыру, инновациялық және цифрлық бастамаларды қолдау, сондай-ақ азаматтардың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарын басшылыққа алады. Бір жағынан аталмыш ереже Университет тарапынан ғылымның дамуы мен ғылыми-педагогикалық кадрларды ынталандыру мақсатында және индустриалды-инновациялық даму стратегиясы, басқа да мемлекеттік бағдарламасын іске асыруда ОПҚ мен қызметкерлердің белсенділігін арттыру мақсатында жасалынған.

1.2. Осы Ереже университеттің ОПҚ мен қызметкерлерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ынталандыру мен марапаттауда негізгі құрал болып табылады.

1.3. Осы Ережені университеттің Басқарма басшысы-Ректордың бұйрығымен бекітілген қызметтегі өкілдері және ОПҚ-ы қолданады, Университеттің барлық құрылымдық бөлімдеріне ендіріледі.

## 2 Нормативті сілтемелер

Университеттің осы ережесінде төмендер көрсетілген нормативті құжаттарға сілтемелер жасалған:

- Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №103-VIII Ғылым және технологиялық саясат туралы Заңы;
- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Білім туралы Заңының 44-бабының 9-тармағы;
- Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 27 маусымдағы № 129-VII

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің оқытушы – профессорлар құрамының рецензияланатын журналдарда жарияланған ғылыми мақала және патент авторларын марапаттау туралы ереже	9 беттің 4-беті

- Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Заңы;

- 1999 жылғы 16 шілдедегі №427 Қазақстан Республикасының Патент туралы Заңы.

ЖББҰ кейінгі білімге қатысты нормативті құжаттар;

СМЖ ОҚПУ ПР 4.01-2021 - Құжаттандырылған ақпараттарды басқару.

СМЖ ОҚПУ ПР 8.02-2021 Сапа менеджменті жүйесі. Түзетуші және ескерту әрекеттері.

### 3 Терминдер мен анықтамалар

Ережеде ҚР СТ ИСО 9000:2017 белгілеген терминдер мен анықтамалар пайдаланылады.

### 4 Белгілер мен қысқартулар

ҚР – Қазақстан Республикасы;

ҰҒТАО – Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы;

ОПҚ – оқытушы-профессорлар құрамы;

ЖББҰ – Жоғары білім беру ұйымдары;

ҚР ҒжЖБМ – Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім министрлігі;

ОҚПУ – Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті.

### 5 Жауапкершілігі мен өкілеттілігі

5.1 Ережені ОҚПУ Басқарма төрағасы - Ректор бекітеді.

5.2 Осы Ережеде көрсетілген талаптарды енгізуге Ғылыми жұмыстар және инновациялар жөніндегі проректор жауапты болып табылады. Ұйымдастыру жұмыстарымен Ғылыми зерттеулер офисі айналысады.


5.3 Осы Ережені әзірлеуші Ғылыми зерттеулер офисінің басшысы болып табылады.

5.4 Сапа менеджменті жүйесінің (СМЖ) бөлімдердегі құжаттарының сақталуына, рұқсатсыз көшірмеленуіне, қызметтік ақпараттардың таралуына Ғылыми зерттеулер офисінің басшысы жауапты болады.

5.5 Ережеге өзгерістерді (А Қосымшасы) "Өзгерістерді тіркеу парағына" міндетті түрде белгілей отырып, Ғылыми зерттеулер офисінің басшысы енгізеді.

### 6 Процесті сипаттау

#### 6.1 Жалпы ережелер

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАК	
	Сапа менеджменті жүйесі Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің оқытушы – профессорлар құрамының рецензияланатын журналдарда жарияланған ғылыми мақала және патент авторларын марапаттау туралы ереже	9 беттің 5-беті

6.1.1 Осы Ереже ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесін мерзімді басылымдарда жариялау және патенттер алу заманауи ғылыми қызметінің негізін анықтаушы ретінде зерттеушінің академиялық дамуының табыстылығының көрсеткішін айқындайы. Осындай жарияланымдардың халықаралық ғылыми рецензияланатын журналдарда баспаға шығуы және патенттер алуы жаһандану сипатына ие, сонымен қатар, әлемдік қарқында ғылыми қызметкерлер мен ОПК бәсекеге қабілеттігі мен нәтижелілігінің маңызды индикаторы екендігін білдіреді.


6.1.2 Университеттің ОПК мен ғылыми қызметкерлерінің зерттеу нәтижелерінің жарияланымдарының көпшілігі қазіргі уақытта аймақтық сипатқа ие, сондықтан, халықаралық ғылыми журналдарда жарияланымға қатысуға әлемдік ғылыми жетістікке интеграцияланудың жеделдету тәсілі ретінде олардың жарияланымдарын ынталандыру қажет. Осы Ережеде халықаралық ғылыми рецензияланатын журналдарда ОПК мен университет қызметкерлерінің жарияланымдары және патенттері негізінде марапаттау шаралары бекітіледі.

6.1.3 Ереженің негізгі мақсаты – университет ОПК мен қызметкерлерінің ғылыми зерттеулерінің бәсекеге қабілеттілік деңгейін жоғарылату шарттарын құруда, олардың ғылымдағы экономикалық және әлеуметтік стимулдарын күшейту.

6.1.4 Ереженің негізгі міндеті – университет ғалымдары жоғары рейтингті журналдарда зерттеу нәтижелерін мақала түрінде жариялауға және патенттер алуға ынталандыру, отандық ғылыми-зерттеу жұмыстарының халықаралық ғылыми зерттеу жұмыстарымен түйістіру негізінде әлемдік ғылым кеңістігіне интеграциялану.

## **6.2 Шетелдік баспа жарияланымдарын рәсімдеуге университет тарапынан қойылатын талаптар**

6.2.1 Халықаралық ғылыми базаларда (Clarivate Analytics: Web of Science; Elsevier: Scopus) индекстелетін ғылыми журналдарында жарияланған әрбір мақала (Article, Review) және алынған әрбір инновациялық патент авторына халықаралық рецензияланатын журналдар көрсеткіштерінің негізінде Ғылыми кеңес шешімімен белгіленген көлемде ынталандыру сыйақысы төленеді (бірнеше автор болған жағдайда марапаттау сыйақысы тек университет оқытушы-профессорлар құрамы, қызметкерлеріне мақала

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің оқытушы – профессорлар құрамының рецензияланатын журналдарда жарияланған ғылыми мақала және патент авторларын марапаттау туралы ереже	9 беттің 6-беті

(Article, Review) жарияланған авторларға үлесі мөлшерінде теңдей етіп бөлінеді. Халықаралық рецензияланатын журналдар көрсеткіші мен сәйкесінше сыйақы мөлшері төмендегідей:

**Халықаралық ғылыми рецензияланатын журналдарда жарияланған мақалалар (Article, Review) үшін:**

Индекс атауы	600 000 тенге	400 000 тенге	300 000 тенге
Jornal Citation Reporst (Clarivate Analytics)	1 квантиль	2 квантиль	3 квантиль
CiteScore (Scopus)	Процентиль (99-75)%	Процентиль (74-50)%	Процентиль (49-35)%

**Патент үшін:**

Патент атауы	Ынталандыру соммасы
Халықаралық (PCT)	300 000 тенге
Еуразиялық	200 000 тенге
Республикалық	100 000 тенге

Ескертпе: бұл индикативті жоспарда көрсетілген жарияланымдармен қоса бір реттік берілетін сыйақы мөлшері.

6.2.2 Жарияланымдар мен патенттер талаптарға сәйкес болу қажет (талаптар, ережесі СМЖ процедурасы арқылы рәсімделеді).

6.2.3 Қойылатын талаптар (ұсыныс):

- ынталандыру сыйақысы тек университет ОПК, қызметкерлеріне авторларға теңдей бөлінеді.

- автор-корреспондент электронды поштасы ОҚПУ домені жазылуы (корпоративті пошта),


- өтінімді 12 ай ішінде беруге болады;

- «Platonus» жүйесіне жеке кабинетіне жүктелуі және т.б.

- патент өндіріске (оқу үдерісіне) ендірілуі қажет.

6.2.4. Ғылыми негізі жоқ қысқаша баяндамалар/тезистер мен TÜBİTAK-тың ынталандыру аясында жарияланған мақалаларға, сонымен қатар, 4 квантиль бойынша (0-34% процентиль) жарияланған мақалаларға және ғылыми жобалар аясында жарияланған мақалаларға бұл сыйақы төленбейді.

6.2.5 Жарияланымдар мен патенттер келесі талаптарға сай екендігі Ғылыми зерттеулер офисі маманы тарапынан анықталады әрі дәлелденеді.

	<b>«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ</b>	
	<b>Сапа менеджменті жүйесі</b> <b>Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің оқытушы – профессорлар құрамының рецензияланатын журналдарда жарияланған ғылыми мақала және патент авторларын марапаттау туралы ереже</b>	<b>9 беттің 7-беті</b>

6.2.6 Мақала (Article, Review) (ғылыми негізі жоқ қысқаша баяндамалар тезистер мен аннотациялардан басқа) Clarivate Analytics: Web of Science; Elsevier: Scopus базаларында индекстелетін журналдарда жарияланған болу қажет, ал инновациялық патенттің өндіріске ендіру (коммерциализациялау) мүмкіндігі болуы тиіс;

6.2.7 Мақала (Article, Review) көшірмесі Ғылыми зерттеулер офисіне өткізіледі, осы бөлімде журналдың электронды веб-сайтында мақаланың (Article, Review) және журналың халықаралық базаларда (Clarivate Analytics: Web of Science; Elsevier: Scopus) жарияланғаны туралы ақпарат анықталуы керек, Сонымен қатар патент көшірмесінің екі данасы (түпнұсқасын көрсете отырып) Ғылыми зерттеулер офисіне өткізіледі.

6.2.8 Марапаттау сыйақысын алу туралы өтініш мақала (Article, Review) жарияланған күннен бастап бір жыл (он екі ай) ішінде берілуі немесе тіркелуі керек;

6.2.9 Мақаланың (Article, Review) электронды көшірмесі Мемлекеттік білім беру мен ғылымды қадағалау саясатына сай қызметкер үшін әзірленген «Platonus» бағдарламасының жеке парағында (жеке web-парақшасы) тіркелуі қажет;

6.2.10 Мақала (Article, Review) немесе патент авторы немесе патент жарияланған немесе алынған уақытта Университетте қызметте болуы шарт.

6.2.11 Мақаланың (Article, Review) немесе патенттің жарияланым бетінде Университеттің толық немесе қысқаша атауы (қазақша, орысша, ағылшынша) келтірілуі керек. Мысалы:

- Қазақша: «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан» немесе «Жәнібеков университеті, Шымкент, Қазақстан»;

- Орысша: «Южно-Казахстанский педагогический университет имени Өзбекәлі Жәнібеков, Шымкент, Казахстан» немесе «Университет им. Жанибекова, Шымкент, Казахстан»;

- Ағылшынша: «South Kazakhstan Pedagogical University named after Uzbekali Zhanibekov, Shymkent, Kazakhstan» немесе «Zhanibekov University, Shymkent, Kazakhstan» деп аталынуы тиіс.

6.2.12 Корреспондент автордың және қосалқы автордың мақаласында (Article, Review) міндетті түрде хат алмасушы электронды адресінде (e-mail) университеттің домені жазылуы керек. Мысалы, xxxxxxx@домен.атауы - xxxxxxx@okmpu.kz.

Аталған жеті шарттың барлығы орындалған жағдайда марапаттау сыйақысы рәсімделеді.

### 6.3 Марапаттауға ұсыным тәртібі мен өтінімдерді қарастыру реті

	<b>«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ</b>	
	<b>Сапа менеджменті жүйесі</b> <b>Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің оқытушы – профессорлар құрамының рецензияланатын журналдарда жарияланған ғылыми мақала және патент авторларын марапаттау туралы ереже</b>	<b>9 беттің 8-беті</b>

6.3.1 Халықаралық ғылыми рецензияланатын журналдарда мақала жариялау нәтижесінде марапаттауға ие болу үшін өтінім беруші кез келген автор (университет қызметкері, ОІҚ) бола алады.

6.3.2 Марапаттаушының университет Ректорына жазбаша өтініші негізінде марапаттау іс-шаралары жүргізіледі. Ғылыми Кеңестің шешіміне сәйкес Жарияланған мақалаларда (Article, Review) мекен-жайы ретінде «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» атауының көрсетілуі, мақала жарияланған уақытта автордың ОҚПУ-да қызмет атқарып жатқан болуы, университетте немесе университет атынан басқа ЖОО кейінгі білім беру бағдарламасында білім алып жүрген тұлға болуы тиіс. Жарияланған мақаланың (Article, Review) бірден көп авторы (авторлар ұжымы) болған жағдайда, марапаттау сыйақысы тек университет оқытушы-профессор құрамы, қызметкерлер, университет атынан ЖОО кейінгі білім беру бағдарламасында білім алып жүрген тұлғаларға және университет атынан мақала (Article, Review) жарияланған авторларға үлесі мөлшерінде теңдей етіп бөлінеді. Ынталандыру сыйақысын алу үшін мақала (Article, Review) жарияланған және патент алынған күннен бастап бір жыл (он екі ай) ішінде өтініш өткізу қажет.

6.3.3 Осы рәсімдеу тәртібіне жауапты университеттің құзіретті органы – Ғылыми жұмыстар және инновациялар жөніндегі проректорына қарасты қызметкерлер аталмыш Ереженің 6.2 пунктiне сәйкес талаптардың орындалуын қадағалап, сараптап, университет Ректорына қызметтік хат негізінде өтінімді ұсынады. Өтінімде келесі құжаттар болуы шарт:

- Өтінім (автордан);
- Мақала (Article, Review) немесе патент көшірмесі;

6.3.4 Ғылыми жұмыстар және инновациялар жөніндегі проректорынан марапаттауға ұсыну туралы қызметтік хат. Қызметтік хатта Ереже талаптары орындалғандығы жайлы ақпарат болуы тиіс.

6.3.5 Марапаттауға ұсынылатын өтінімдер мен құжаттар университет Ректорына әр айдың соңғы жұмыс күндерінде ұсынылады.

6.3.6 Марапаттаушылар осы Ереженің талаптарын орындамаған жағдайда Ғылыми жұмыстар және инновациялар жөніндегі проректоры тарапынан авторларға ұсынған күннен бастап 10 (он) күн ішінде хабардар етеді.

6.3.7 Мақала (Article, Review) авторларын марапаттауға рұқсат берілген жағдайда сыйақы рұқсат берілген күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде бұйрық арқылы іске асырылады.

6.3.8 Мақаланың (Article, Review) ғылыми мазмұны сараптауға алынбайды, яғни, марапаттауға кедергі бола алмайды.

